



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

### жобасына 3,5 мың ауыл енді

Мәжілістегі Үкімет сағатында «Ауыл — Ел бесігі» жобасы талқыланып жатыр, деп хабарлайды Egemen.kz «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ауылдық аумақтарды дамыту мақсатында Ұлттық эконо-

инженерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыру, ауыл тұрғындары үшін әлеуметтік қызметтердің қолжетімдігін қамтамасыз ету, жалпы алғанда, өмір сүруге қолайлы жағдай жасау арқылы



мика министрлігі «Ауыл — Ел бесігі» жобасын жүзеге асыру бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізіп жатыр. Жобаның мақсаты — инфрақұрылымды жаңғырту, оны жаңа өңірлік стандарттар параметрлеріне дейін жеткізу арқылы ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту. Бұл мақсатқа қол жеткізу — әлеуметтік және

іске асырылады. Ауылдардың жалпы санынан даму әлеуеті бар 3,5 мың ауыл таңдалды. Оларда ауыл тұрғындарының 89 пайызы тұрады. Осы 3,5 мың ауылдың 1171-і тірек ауылы және олардың айналысында 2368-і жақын спутник ауыл», деді Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров.

## Қазақстанда тұрғын үй тапшылығы болуы мүмкін



Қазақстан Құрылысшылар одағының басшысы Талғат Ерғалиев құрылыс материалдарының қымбаттауы мүмкін екенін атап өтті, деп хабарлайды Egemen.kz

«Құрылыс материалдарын өндіру мен сату нарығындағы тұрақсыздыққа байланысты бүгінде көптеген компаниялар өз жоспарлары мен құрылыс көлемін қайта қарастыруда. Сондықтан

жақын арада (2024-2025 жылдары) нарықта тұрғын үй тапшылығы болуы мүмкін», деді Т.Ерғалиев.

Оның айтуынша, Қазақстан бүгінде құрылыс материалдарының негізгі бөлігін шетелден әкелуді жалғастыруда.

«Егер өткен 7 жылдағы жағдайды қарастырсақ, ауданда инфляцияның 12% -14% жалғасын және ауданда құрылыс материалдарының кем дегенде 10% -15% қымбаттауын сенімді түрде айтуға болады. Сондықтан жағдай тұрақтанбайды, мұндай динамикада шиеленісе түседі. Санкцияларға қатысты жағдайды біз тамыз-қазан айларында (Ресейде) көреміз, бірақ олардың материалдық және тауарлық қорлары жеткілікті, бірақ күзден бастап біз нақты нәтиже аламыз деп ойлаймын. Сонда құрылыс материалдары қайтадан қымбаттауы мүмкін», деп атап өтті Қазақстан Құрылысшылар одағының басшысы.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



## Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы Ботаникалық бақта көшет отырғызды

Бұл туралы Ақорданың ресми сайты мәлім етті, деп хабарлайды Egemen.kz

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бірге – таза Қазақстан» республикалық экология-

лық акциясының аясында Ботаникалық бақта көшет отырғызып, қалалық сенбілікке қатысты.

## Қазақстанда мұғалімдерге арналған біліктілік тестілеу кейінге шегерілді

Ұлттық тестілеу орталығы тестілеудің барлық түрін ауыстыру жақын арада түзетілетін техникалық ақауларға байланысты екенін хабарлады, деп хабарлайды Egemen.kz



«Сәуірдің 25-і мен мамырдың 3-і аралығында өткізуге жоспарланған Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі (МОДО), білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері және мұғалімдерге арналған Ұлттық біліктілік тестілеуін (ҰБТ)

қоса алғанда, тестілеудің барлық түрлері кейінге қалдырылды», деп Ұлттық тестілеу орталығынан хабарлады.

ҰБТ-ның күні мен уақыты туралы ақпарат мамыр айының басынан бастап «Менің тарихым» бөліміндегі ақкаунтыңызда қолжетімді болады.

Техникалық себептермен ҰБТ тапсыра алмаған тәрбиешілер тоқтатылған сәттен бастап тестілеуді жалғастыра алатыны хабарланды. Алдыңғы жауаптар сақталады.

## Колледждерде сырттай оқуға болатын мамандықтар саны қысқарды

Елдегі колледждерде сырттай оқуға арналған біліктілік тізімі қысқартылды, деп хабарлайды Egemen.kz Білім және ғылым министрлігі баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Екі жылдан астам уақыт бұрын 595 біліктілік бойынша сырттай білім алуға болатын. Енді студенттер 53 біліктілік бойынша білім ала алады.

Сырттай оқу студенттерге сапалы дағдыларды бермейтіндіктен, министрлік оларды қысқарту бойынша кезең-кезеңімен жұмыс жүргізді.

Бұл жолы сырттай оқу «Құқық», «Білім беру», «Сервис, экономика және басқару» және басқа да кадрларды даярлау бейіндері бойынша алынып тасталды.

«Бүгінде техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы кадрларды даярлауға қойылатын талаптарды еңбек нарығы мен жұмыс берушілер белгілейді. Ол үшін біз сырттай оқу түрінен бас тартып жатырмыз. Сондай-ақ мұндай шешімді қабылдауға түлектердің оқуды бітіргеннен кейін алатын білім мен дағдыларының жеткіліксіз сапасы себеп болды. Колледждер

студенттерге жұмыс орнында білім алуға мүмкіндік беретін ірі кәсіпорындармен және бизнеспен тығыз байланыста жұмыс істейді. Яғни бұл оқытудың дуалды формасы. Бұл бүгінгі өзінде білім сапасына оң әсерін тигізіп келеді. Сырттай оқыту тізімінен талап етілмеген біліктіліктер, оның ішінде дайындық сәйкестігін ескере отырып, біреуіне біріктірілгендер алынып тасталды. Жалпы біз қысқарту жұмыстарын әрі қарай жалғастырамыз», деді ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Н.Оспанова.

## Облыстық маңызы бар жолдың сапасы Қоғамдық кеңестің назарында

Бүгінде тұрғындардың көптен күткен Шолаққорған - Таукент- Қарақұр («КХ-2» Ұланбел - Созақ - Екпінді) бағытындағы облыстық маңызы бар 181-214 шақырымындағы тасжолдың орта

сат» алаңының мүшелері арнайы барып, жол құрылысының сапасын көзбен көрді. Комиссия құрамында аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы М.Сапаров пен мүшелері Ә.Сөлтеков, Р.Әл-

А.Әбілдаев болды.

Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының тапсырысы бойынша жол құрылысын жүргізіп жатқан мердігер мекеме «Нұр-Строй ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің учаске басшысы, Елғоно Асылхан жасалынып жатқан жұмысты баяндап, бақылау комиссиясын сметалық құжатпен таныстырды. Жолды орта жөндеу жұмыстарында барлық стандарттар сақталып, жолдың ені 7 метр, қалыңдығы 10 сантиметр (бірінші қабаты 6 см, екінші қабаты 4 см) болып сметалық құжат бойынша барлық сәйкестік сертификатына сай жасалып жатқанына көз жеткізді. Жол сапасын техникалық қадағалаушы «Оңтүстік жолдары» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны. Арнайы комиссия жол құрылысына байланысты бақылауды алдағы уақытта назарда ұстап, сапалы жұмыс жүруін қадағалайтын болады.



жөндеу жұмыстары басталды. Қоғамдық кеңес жанынан арнайы құрылған комиссия мүшелері мен Шолаққорған ауылдық «Пара-

жанов, Р.Жақсыберген, Б.Саржанов және аудандық тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық жөніндегі бөлімінің сектор меңгерушісі



## ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жеке қабылдау өткізді. Аудан басшысының қабылдауына ауыл кент округтерден 26 тұрғын келіп, өздерін толғандырған мәселелерін жеткізді. Жеке қабылдауға келгендердің біразы жұмыссыздық мәселесін алға тартса, біршама азаматтар жер, үй, инфрақұрылым және әлеуметтік мәселе бойынша жүгінді.

Қабылдау барысында аудан әкімі әрбір тұрғынның жеке мәселесін тыңдап, бірқатарына заңдылыққа сәйкес жауап берсе, бірқатар жұмыс сұраушылардың мәселесін шешу үшін тиісті бөлім басшыларына тапсырмалар жүктенді. Әрбір тұрғынның өтініші аяқсыз қалмай, бақылауда болатынын айтты. Сонымен қатар, әлеуметтік көмек сұраған ауыл тұрғындарына мүмкіндігінше көмек жасалатынын жеткізді.

## КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Түркістан облысының әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссияның 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, облыс әкімі орынбасары С.Қалқамановтың төрағалығымен 1 тоқсанда атқарылған жұмыстар бойынша облыстық комиссияның

«Күндізгі қатынау және әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу» бөлімшесінің меңгерушісі Нұржан Алтыбаев, комиссия хатшысы Әбдіманнап Әбдіғалпапаров қатысты.

Облыс тарапынан жаппай кәсіпкерлікті дамыту шеңберінде кәсіпкер әйелдерді (әсіресе ауылдық жердің) қолдауды қамтамасыз ету



## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің үшінші шақырылымының жаңа мүшелері ауыл кент округтерді аралап, халықпен кездесуді өткізуде.

Алғашқы сапарын халықтың ұсыныс-тілектері мен пікірлерін тыңдау үшін Жартытөбе ауылдық округінен бастады. Ауыл әкімдігінің мәжіліс залында жиын өткізді.

Жиында аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлы кеңестің мүшелерін таныстырып, қоғамдық кеңестің мақсатын түсіндірді. Жартытөбе ауыл округіне қарасты Бабата, Аққолтық елді мекендерінен келген ауыл тұрғындарының ұсыныс пікірін тыңдады. Ауыл тұрғындары бірнеше мәселе көтерді. Ұялы байланыстың мұнарасы орнатылды, оның қосылуын қадағалауды, автокөлік жолдарын қалпына келтіруді сұрады. Сондай-ақ ауыл іргелік жерлерді заңдастыруды, ауыз суға арналған сүзгінің істен шығып, ішуге жарамсыз болуына жеткізді. Көпшіліктің көкейіндегі тағы бір мәселе, үш ауылға ортақ банкомат орнатуды тілге тиек етті. Қоғамдық кеңес мүшелері кездесуді Қымкент ауылында жалғасты. Ауыл тұрғыны Ержан Бекманов «Казфосфат» ЖШС –ің тау-кен өндірісі жер асты суына әсерін, Сарысу ауданымен аралықтағы шекара мәселесін көтерді. Қожабек Амантай қария ауылдық қауымдастық мүшелерін жаңарту қажеттігін тілге тиек етті.

Өз кезегінде қоғамдық кеңес мүшелері тұрғындар ұсыныс пікірлері тиісті орындарға ұсынылатынын айтып, бақылауда болатынын жеткізді.

«Созақ үні» - ақпарат.

## ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КӨРГЕН ӘЙЕЛДЕР ҚАЙДА ЖҮГІНЕДІ?

ҚР Конституциясының 1-бабында мемлекеттің ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсеткендей, қазіргі таңдағы ең жойқын адам құқығының бұзылуының бірі – әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың орын алуы. Зорлық-зомбылық – бұл әйелдердің қоғамдық өмірге араласуына кедергі келтіреді. Осыған орай, аудан тұрғындары назарына – қандайда бір тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол беріп, адамның денсаулығына қасақана зиян келтірген және моральдық-психологиялық қысым көрсеткен, жалпы құқығын шектеген азаматтар қылмыс құрамына қарай Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптарымен жауапкершілікке тартылады.

Отбасы тұрмыстық қарым-қатынастар аясында зорлық-зомбылық көрген не осындай жағдайға куә болған азаматшалар назарына;

Созақ ауданы, Жібек жолы көшесі н/з ғимарат. Сенім телефоны: 102;

Созақ ауданы Полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі, Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы инспекторы полиция майоры Айжан Манапова, тел: 8(778)333-99-29;

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығы»КММ-нің «Күндізгі қатынау және әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу» бөлімшесінің меңгерушісі Алтыбаев Нұржан, тел: 8(701)450-45-10.



кеңейтілген отырысы селекторлық режимде өтті.

Аталған отырысқа Созақ ауданының әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссияның төрағасы аудан әкімінің орынбасары Бағдат Айдарбеков, комиссия мүшелері Созақ аудандық «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, аудандық мәслихат депутаты Нұржамал Майусова, Созақ аудандық полиция бөлімінің әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылыққа қарсы күрес инспекторы, полиция майоры Айжан Манапова, Созақ аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Елдос Даулетбаев, Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығы» КММ-нің

туралы Түркістан облысы мәслихатының депутаты Динара Егамбердиева;

Құқық бұзушылық, зорлық – зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы Жанар Қалабаева;

Неке мен отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды ілгерлетуге бағытталған жұмыстар бойынша «Отбасындағы зорлық – зомбылықсыз Қазақстан» пилоттық жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар барысы туралы – Түркістан облысы ата-аналар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ақбаян Жакипова өз баяндамаларын айтты.

Ақпаратта аталған бағыт бойынша аудан әкімінің орынбасары мен комиссия мүшелері тарапынан жұмыстағы көкейтесті мәселелер мен олардың нақты шешу жолдары айтылды.



Тәуелсіздіктің туын биік ұстап, көкке желбіретіп, азаттықтың ақ кемесінің ескегін ескелі де отыз жылдан астам уақыт өтті. Қазақстан Республикасының Президенті, мемлекет басшысы өзінің наурыз айында Қазақ халқына жасаған Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» деп атады. Уақыт көші, өркениет көші күтіп тұрмайды, ілгері жылжиды. Мемлекет басшысының туған елімізді жаңару мен жаңғыру жолына бастайтын бұл Жолдауының мәні мен маңызы ерекше. Бұл жайында Президент: «Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік», - деп сөз бастады.

Туған еліміздің тағдырына қатты алаңдайтын, күні кешегі қасіретті қаңтар күндерінде табандылық көрсетіп халқының береке бірлігін сақтап қалған мемлекет басшысы бұл Жолдаудың аманаты жылдармен шектелмейтінін, мазмұны бөлек екенін және алдымызда ұлы мақсаттар тұрғанын ерекше атап көрсетті.

Бұл Жолдауда қамтылған мәселе-



**Нариман НҰРПЕЙСОВ,**  
**Филология ғылымдарының кандидаты,**  
**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті.**  
**Шымкент қаласы.**

қашырма» деп әсиет айтты, ел тыныштығына үміт артты. Әйтсе де сыншыл ақын әбден ашынып, ашуыза көрнеген кезде:

*Бас-басыңа би болған өңкей қиқым*

*Мінекі, бұзған жоқ па елдің сиқын.*  
*Өздеріңді түзелер дей алмаймын*  
*Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырықын,-* деп жазды.

Иә, ашы да болса шындық, өз ырқымыздан, еркімізден «бірлік жоқ, береке жоқ» болғандықтан айырылып қалдық, басқыншы елдің мүддесіне сай «қиқым-сиқымдар» билік басына келіп, елдің, «сиқын» алды, жоқ нәрседен бұлтындап жүргенде, «сапырылған байлықтан», «баққан жылқыдан» көз жазып қалдық. Ақынға «Қалың еліміз, қазағым, қайран жұртым» деп аһ ұрғыздық.

Дана Абай қандай көреген, елді де, ерді де жамандап, өз елін аңды-

түсіріп алмауды қатты қадағалауымыз қажет. Қандай сайлау, қандай партия болсын ұлт мүддесін биік мұратқа жетелегенде ғана оған қолдау көрсетуіміз керек. Абайға осы мазмұндағы жыр жазғызған құбылыс ХХІ ғасырда қайталанса елдігімізге сын.

Абай және ел бірлігі, біз ақын жырларын парақтап отырып ойшыл Абайдың ел бірлігіне келгенде сүйінішінен гөрі күйінішіне көбірек кездестік, ашы да ауыр ойларынан ғибадат алу үшін ой бөлісуді мақсат еттік. Ақын:

*Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,*

*Жетпесе біріңдік бірін жеткіз!*

*Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,*

*Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.*

Атақты ақынның бұл өлең жолдары да қандай ойлы, тәлім-тәрбиеге толы. Бабаларымыздан қалған «Бірлігі бар ел озады», немесе «ырыс алды - ынтымақ» атты қағидалардың қадір-қасиетін жетік түсінген ұлы Абай қазақ халқының ел бірлігін көздеп жыр жазды. Содан түйген ойларымызды ортаға салдық. Абайдың ел бірлігі жөніндегі жырла-

# Жаңару мен жаңғыруға бастайтын жол

лер сан алуан, президенттің өкілетті туралы мәселеден бастап сайлау жүйесін жетілдіру, құқық қорғау институттарын күшейту, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту, еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру, т.б. аса күрделі жайттарды қамтыды. Қазіргі уақытта осы аталған аманаттардың денін жүзеге асыру басталып та кетті, ондаған заң жобалары дайындалып жатыр.

Біздің айтпағымыз Президентіміздің осы бір тарихи Жолдауында көтерген күрделі мәселенің бірі бірлік пен ынтымақ жайында ой қозғау, пікір алмасу. Бұл жайында Қ.К.Тоқаев: «береке-бірлігімізді сақтамасақ, жетістіктеріміздің бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін. Қаңтардағы дүрбелең кезінде бұған көзіміз анық жетті. Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнді», - деп ашық айтты және бұндай қатерлі жолдан бізді «татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік», «мызғымас бірлік» қана алып шығатынын ескертті.

Жаңа Қазақстанның – жаңару мен жаңғыру жолы ынтымақ пен бірліктен бастау алады. Жаңару мен жаңғырудың қайнар бұлағы – ел бірлігі. Біз Президент Жолдауындағы ел бірлігі аманатын ұлы ақын, хакім Абай аманаттарымен ұштастыра, байланыстыра отырып аз-кем ой сабақтағанды дұрыс көрдік.

Ел бірлігі және Абай аманаты. Бірнеше ғасыр бойы құлдық қамыты мен бодандық бодауында болған халқымыздың ұлттық руханияты сынбаса да майысып кеткен еді. Сол себепті тәуелсіздігінен айырылған қазақ елінің қандай жолмен жүруі керек, қайткен күнде рухымызды тіктеп, тілімізді қастерлеп, дінімізді түзеп аламыз деген сан алуан сұрақтары алдымыздан анталап тұрды. Ұлы Абай жырларының тақырыбы әр алуан, соның ішінде ондаған жырларында ел бірлігі, ынтымақ, береке мәселелері сөз болады. Сөзімізді «Сегіз аяқтан» бастасақ:

*Бірінді, қазақ, бірін дос*

*Көрмесең – істің бәрі бос*

*Малыңды жауға*

*Басыңды дауға,*

*Қор қылма қорға, татулас.*

Атақты өлеңнен өз тақырыбымызға қатысты үзінділерді ғана алдық, «бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең – істің бәрі бос», - дейтін қанатты қағиданы жүрек түкпірінде әр қазақ берік ұстауы керек. Қаншама ғасырлар бойы Тұран даласында еркін ел болып, ат үстінен түспеген қазақ береке-бірлік, ынтымақтастық жоқтығынан жау табанында тапталды. Жоңғарды түре қуып, қытаймен қаша соғысып, Қоқанды бірде жеңіп, бірде жеңіліп, Ресей сынды алыпты да санасуға мәжбүр еткен Абылай заманы артта қалды, дәлірек айтқанда «малымыз жауда, басымыз дауда» қалды, бірімізді біріміз аңдуға көштік, «қаны бұзық ұры-қар; қапысын тауып алды», осындау қауіп-қатер, зобалаңды бастан кешіріп жатқан халқына Абайдың айтары көп еді.

Абай өмір сүрген заман ХІХ ғасыр-

ғандардың кімге беттемек ойы бар дегенді алға тартады. Алатайда бұл-лінген елдің аяғы тайса кім сүйейді деген сұрақ әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Ондай бүлініп жатқан елдер де аз емес. Сол себепті кеткен бірлікті келтіріп, сөнген ерлікті тұтатып тірлік жасау дәл қазір ауадай қажет. Қазақтың аяғы қалай таяды деп аңдығандар аз емес, демек Абайды тыңдау ләзім.

Ел бірлігіне, халық ынтымағына кесірін тигізетін құбылыстар аз емес, солардың бір парасы жала жабу, арыз беру т.б. Осы бір жаманаттың талай рет өзі де құрбаны болған Абай ақын «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңінде жеріне жеткізе жазды, кеудесінде сәулесі бар жан түсінетіндей етті.

*Жаман тату қазады өзіңе ор,*  
*Оған сенсең, бір күні боларсың қор.*

## Азаматтық қоғам институттарының және БАҚ-тың рөлін күшейту

1. Өңірлердегі қоғамдық кеңес өкілдерінің, партия басшыларының, Парламент депутаттарының, Азаматтық Альянс басшылығының, жұртшылық өкілдері мен сарапшылардың қатысуымен жаңа «Ұлттық Құрылтай» институтын құру

2. Сарапшылардың, УЕҰ және БАҚ өкілдерінің қатысуымен барлық ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттарды қоғамдық талқылау өткізу



3. Барлық коммерциялық емес ұйымдардың қаржылық есептілігінің, құрылтайшылар құрамының, мүлкінің, кірістері мен шығыстарының жариялылығын міндеттеу

4. БАҚ туралы жаңа заң әзірлеу және қабылдау. Отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру

5. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының айрықша құзыреттерін қысқарту

дың екінші жартысы патша отаршылдары өз дегеніне толық жетіп, ел билігін түгел қолына алып, «бөліп ал да, билей бер» жүйесіне көшкен еді. Хандықтан айырылған халық алдаусыратқан аға сұлтандыққа да жете алмай қалды. Қазақтың болдым-толдым дегенінің болыстыққа ғана қолы жетті. Сол себепті ақын:

*Едүниі кеткенде,*

*Не болады өңкей нөл?*

*Берекеңді қашырма,*

*Ел тыныш болса қашы сол,-* деді.

Отар елдің зұлым саясаты билік басына «нөлдерді», «Күлембайларды», «Көжекбайларды» шығарды, ақын Абай еріксіз бәріне көніп, «берекеңді

*Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,*  
*Өзі зордың болады ығы да зор,-* деді.

Абай дәуірінде елдің ынтымағын кетірген құбылыстың бірі сайлау болды, «болды да партия, ел іші жарылды». Ел жиылып, мал сойылғанмен, береке-бірлік артқан жоқ, керісінше «бұзылмаса оған ел түзелген жоқ», бірін-бірі аңдып, «алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып» кеткеніне куә болған ақын осылай деп жыр жазды. Бұл күндері де сайлау өтіп жатыр, ел жиылып ет жейтін жәйттер де кездеспей қалмайды. Сайлау деп, партия деп ел ішіне жік

рын кешегі ұрпаққа терең түсінуге бодандық жүйе мойын бұрғызбады, ал бүгінгі азат, ерікті, егеменді ұрпақ әбден түсініп, тағылым алуға міндетті, яғни «бірінді қазақ бірін дос» көретін мезгіл жетті.

Президент жаңару мен жаңғыру жолына шақыратын Жолдауының түйінінде: «Реформа жасап жатырмыз деген атақ үшін ғана реформа жасаудың ешкімге қажеті жоқ. Біз бұл өзгерістерді жұртқа жақсы көріну үшін жасамаймыз. Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмесе кетті. Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек», - екенін қадап айтты.

Ой түйініне ойыссақ. Мәңгілік ел болу мұратына ұмтылған қазақ елі

Жаңа Қазақстанды құру жолына қадам жасады. Мемлекет басшысы: «Біз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз. Бұл-болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз», - екенін асқақ рухта атап көрсетті.

Біздің әрқайсымыз өзгерісті өзімізден бастап жүзеге асыруымыз керек. Ұнтымағы мен бірлігі бекем Қазақстан халқы «Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау...киелі парыз», - екенін ұдайы жадыда ұстауымыз керек.

Сонымен о бастағы айтпақ ойымызға тағы бір қайтып оралсақ. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы», Президентіміздің ел бірлігі мен ынтымағы жайында айтылған аманаттары, ол аманаттардың хакім Абай рухымен үндестігі – мәңгілік мұраттар.

Тәуелсіздік тағдыры мен Президент аманатының бір парасын шама-шарқымызды жеткенінше хакім Абайдың ел бірлігі жайлы аманаттарымен сабақтастырып аз-кем ой бөлістік, әзірше осыған қанағат. Мәртебелі оқырман, қалың қазақ қауымы, ардақты алаш баласы, Жаңа Қазақстанның бірлігі мен ынтымағы, тәуелсіздік жолындағы күресі туралы эпопеямыздың алтын әріппен жазылатын әр беті бабалардан қалған аманат екенін жадыда ұстайық, сонда ғана жаңылмаймыз, мәңгілік ел болу мұратына жетеміз.



## «Созақ серілері»

Қазақ ән өнерінің алтын дәуірі—XIX ғасырдағы сал-серілер кезеңі болды. Сол кездері қазақ әні мәтіні жақтан түрленіп, мазмұны кеңейді. Салмағы артты. Көшпелі өмірдің өрісі әлі де болса тарыла қоймаған, бабадан қалған мекенде, бабадан қалған салтымен, бабадан қалған асыл өнерін жалғастырған сол кездің қазағы ән өнерінде не бір аты өшпес сал-серілерді тудырды. Г.Потанинның «маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деген бағасы да, әне сол кездегі қазақтың әніне берілген баға болатын.

Біздің бүгінгі мақаламыз қазақтың ежелден келе жатқан ән өнерін, түрлі ұлттық аспаптармен сүйемелдеу арқылы халық әндерін жаңаша нақышта орындап, елдің ықыласына бөленіп жүрген «Созақ серілері» жайлы болмақ.

Естеріңізде болса, газетіміздің өткен сандарында бұл өнерлі жігіттер жайлы шағын мақалалар жарық көрген болатын. Жұртшылықтың жүрегінен орын алып үлгерген «Созақ серілері» тобының құрамы жайлы, алдағы уақыттағы жұмыс жоспарлары мен бағыттары турасында айтпақпыз.

Жалпы, аталған топ ауданымыздағы асаба, әнші, той-томалақ жүргізуші жігіттерден құралған. Біреу білсе, біреу білмес деген оймен бұл топтың кішігірім құрылу тарихын естеріңізге сала кетсем. Ауданымыздың әр ауылдық округінен жиылған өнерлі жігіттер әлеуметтік желіге өздерінің түрлі аспапта сүйемелдеумен орындаған әндерін түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеген. Ол бейнеролик 1000-нан аса қаралым жинаған екен. Сол себепті, Алматы қаласындағы «Евразия 1» телеарнасының «Koremitz» бағдарламасына шақырту алған еді. Аталған бағдарламаның «Желіні жарғандар» айдарында қоңақ болған жігіттер ол жерде де өздерінің өнер-

Шолаққорған ауылында дүниеге келген. «Мыңжылқы» мәдениет үйінің дыбыс режиссері, Абай Төлегенұлы – Жартытөбе ауылында дүниеге келген. Әнші, асаба, Ергали Шайқалиұлы – Қарақұр ауылында дүниеге келген. «Қарақұр» жалпы орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі, Самат Болатұлы – Құмкент ауылында дүниеге келген. «КазАтомөнеркәсіп СП «КАТКО» өндіріс орынында көлік жүргізуші, Елдос Бердіқұлұлы – Құмкент ауылында дүниеге келген. Құмкент ауылдық мәдениет үйінің әдіскері, Еркебұлан Шәріпбекұлы – Шолаққорған ауылында дүниеге келген. А.Жұбанов атындағы балалар саз мектебінің сахна қызметшісі, Абылай Бегалыұлы—Созақ ауылында дүниеге келген. Созақ ауылдық мәдениет үйінің дыбыс операторы, Жандос Жомартұлы—Тауекент кентінде дүниеге келген. «КазАтомпром Сауран» өндіріс компаниясында инженер геолог, Құрманш Нұрманұлы – Аққолтық ауылында дүниеге келген. Аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі, Жандар Бекбергелұлы – Аққолтық ауылында дүниеге келген. «Мыңжылқы» мәдениет үйінде аккомпаниатор, Талғат Бақтиярұлы – Қарақұр ауылында дүниеге келген. Қарақұр ауылдық мәдениет үйінің директоры, Рүстем Сарманұлы – Жартытөбе ауылында дүниеге келген. Жартытөбе ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы, Ердәулет Әбдірахымұлы – А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің музыкалық білім жетекшісі.

Жуырда «Созақ серілері» арнайы шақыртумен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласында Дін мен дәстүр аясында өткізілген «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» тақырыбындағы ашық семинарға қатысып қайтты. Аталған шарада ауданымыздан барған өнерлі жігіттер «Жарамазан» айтып,



лерін паш етіп, заманауи әндерден «попури» орындап, көрермендерді тәнті етіп, аудан абыройын асқақтатып қайтты.

Сонымен қатар, «Созақ серілері» арнайы шақыртумен «Шалқар» радиосының да қоңағы болып қайтқан еді.

Міне, осылайша өнерлі жігіттер осы бағдарламадан кейін өздерін топ деп жариялап, «Созақ серілері» деген атаумен таныла бастады. Өткен айларда «Созақ серілері» аудан аумағындағы ауылдық округтерде өздерінің шағын концерттік бағдарламаларын жұртшылыққа ұсыну мақсатында ән-кештерін өткізген еді. Бұл да болса күнделікті күйбең тірліктен шаршап жүрген халықтың жанына демеу, рухани азық болары анық.

Бүгінде топтың құрамында 13 өнерпаз бар. Атап айтар болсақ, Роман Сабырұлы –

көпшіліктің алғыс ықыласына бөленіп қайтқан жайлары бар.

Сонымен қатар, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылында ұйымдастырылған, рамазан айына арналған ғұрыптық фольклор әндерін орындаушылардың «Жарамазан – жақсылық жаршысы атты» облыстық жарамазан айтушылар байқауына қатысып, Түлкібас ауданы әкімінің арнайы жүлдесімен марапатталып келген еді.

Шынында, біздің жігіттер жарап тұр. Нағыз қазіргі заманның серілері деуге болады. Ұлттық аспаптарда ойнағанда құлағыңның құрышын қандырып, жаныңды бөлек әлемде жүргендей күйге бөлейді. Бұл әрине, ән мен музыканың сиқыры, нақышына келтіріп орындаушылардың шеберлігі.

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.**

## Әуезді әндерімен елдің жүрегінен орын алған



**Халқымыздың ғұмыр шежіресінің бір парасы ұрпақтан-ұрпаққа әңкүй, ауыз әдебиеті арқылы тарраған. Рухани тыныстың кеңейуі мен эстетикалық сана түсініктің қалыптасуына әннің әсер-ықпалы орасан зор болды. Халықтың бойындағы табиғаттың тылсым сырларымен жұптасқан етенелік қасиеті оның тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрыпқа деген талғамын гана өсіріп қойған жоқ, сондай-ақ рухани жан дүниесінің сұлулық пен мейірімге іңкәр қайнар көзін ашты. Өнер туралы таным-түсінік оның өміршеңдігіне мойын ұсыну, көкірегіне жаратылыс сыйлаған дарын қабілетін жетілдіріп, сан салалы мол арналы синкретті өнер туғызудың мүмкіндік берді. Соның ішінде шыққан күн, туған айдай дала жұртының тал бесіктен жер бесікке түскенге дейінгі жан серігі ән болды.**

Әннің қоғамдық-әлеуметтік сипаты, тәрбиелік мәні елдің санасынан бір сәт тысқары қалмағаны аян. Кең далада желдей есіп, ауыздан-ауызға тарап, толассыз кезіп жүретін ән мен күй халықтың жан дүниесінің ең асыл мұраттарын дәріптеп, таратып отырды. Қайғы, мұңның өзінде зор ғибрат жатуы сондықтан. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-балаларымыз сұлу ән, асыл сөздің кестесімен саби жүрегінің тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетеледі. Сондықтан кең-байтақ атажұртта буыннан-буынға жалғасып, ұят-аят, әдеп-көрген, мейірім-шарапат салтанат құрды. Ең кереметі сол, ән қанатында халық ойының тереңдігі, шексіз қиялы, кестелі, орамды шешен тілі берік сақталып, заманның алдын орап, кейінгіге тарады. Мұның өзі отбасынан Отан тұтастығына дейін тамырын үзбеген дәстүрге айналды. Шілдехана мен қаралы жоқтау әнінің аралығында да ақынжанды сері халықтың ғұмыры осылай түзілген. Оның жан сарайын, пайым парасатын, сұлу сазды әндерін тыңдап айрықша бағалаған жандар көшпелілер өмірінің бұл ерекшелігін назардан тыс қалдырмаған. Әр ғасырда қазақ жерін көктей шолып өткен француз, неміс, ағылшын, поляк, қытай, орыс саяхатшы-ғалымдарының даланың әңкүйі жайлы тамсанып, таңдай қаға жазған шыншыл сөздері осыны айғақтай түседі.

Қазақ әнінің жанрлық сипаттары өте кең. Тұрмыс-салт әндері, махаббат, жастық күйі, табиғат лирикасы, туған жер, отаншылдық тақырыпты қамтитын ән өрісі тақырып ішінен сала-салаға бөлініп жатады. Біз бұдан халық әнінің туу, өсу, қалыптасу тегінің тым әріде

жатқанын байқаймыз. Ал сөз етіп жүрген бірер ғасырдың аясын шырқау шыңына шыққан ән сарасының түр-мазмұнын, гармониялық құрылым жүйесін зерттейтін алтын тегі деп қарауымыз керек секілді. Жасырары жоқ, бүгінгі музыка мәдениетіміздің мерейін тасытып, гүлдендіріп тұрған сарқылмас кәусар бұлақ халықтың әңкүйі.

Иә, ән өнерінің тарихына біршама тоқталып өттік. Ендігі жерде осы әнді нағашына келтіріп шырқайтын әнші жайында сөз қозғасам. Еліміздің өнер саласында өзіндік қолтаңбасы бар, талайды тәңік дауысымен тамсандырған жерлесіміз, мәдениет қайраткері, әнші-Жұбанш Жексенұлы туралы жазып отырмын.

Жұбанш Жексенұлын білмейтін ел азаматтары кемде-кем шығар. Өзінің ерекше әдемі дауысымен танылған әнші қазақтың талай әндерін елге танытып, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүргеніне талай жылдың жүзі болды. Жұбанш өзінің өнердегі орынын ертеде-ақ айқындап, дарынды талант иесі екендігін көпшілікке мойындатқан болатын.

Созақтың тумасы бүгінде өнер ордасы Алматы қаласында тұрса да, туған жерді бір сәт естен шығарған емес. Әрдайым мерекелік шараларда, айтулы даталарда, тым болмағанда жай ғана ағайын-туыс, дос-жарандардың жүзін көру үшін елге жиі ат басын бұрып тұрады.

Жуырда ғана Жұбанш Жексенұлы наурыз мейрамының қарсаңында «Мыңжылқы» мәдениет үйінде өзінің жеке ән кешін өткізді. Жұртшылықты әсем әуезді әндерімен баурап алған әнші ән кешін ешқандай ақысыз өткізіп, көрермен қауымға көтеріңкі мерекелік көңіл-күй сыйлап кеткенін көзімізбен көріп таныстық. Ән кешке келген халықтың қарасында есеп болмады. Бұл да болса әншінің қандай деңгейдегі орындаушы екендігін айдан анық көрсетіп тұрса керек. Өзімен бірге «Ja Ja Band» музыкалық аспаптар тобын ерте келген Жұбанш жанды дауыста ән шырқап, елге деген сағынышын жеткізді. Кеш өте керемет жоғары деңгейде өтті.

Сонымен қатар, Жұбанш Жексенұлына «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Бұл марапатқа әнші әбден лайық деп есептейміз.

Жалпы, адам туған жерін әрдайым естен шығармай, қанша биікке көтерілсе де, қонар жерін ұмытпаса, ел-жұртпен бірге болса, міне, сол нағыз адамгершіліктің биігі болып қала бермек.

**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ.**





# Келісімшарт бойынша әскери қызмет- АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ!

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыру – бұл әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

Осыған байланысты аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 37, 40 баптарына сәйкес запастағы офицерлерді және запастағы сержанттар мен сарбаздарды 2022 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің төменде көрсетілген әскери бөлімдерінің бос лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызмет етуге іріктеу жұмыстарын жүргізуде.

Запастағы офицерлерді және апастағы сержанттар мен сарбаздарды:

- Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Қарулы Күштерінің Бас әскери-жұмылдыру басқармасына
- Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Қорғаныс министрлігінің Бас әскери клиникалық госпиталына
- Алматы қаласындағы ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери клиникалық госпиталына
- Алматы қаласында ҚР Қорғаныс министрлігінің ветеринарлық медицина орталығына
- ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери-спорттық медицина орталығына
- Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Қарулы Күштерінің Бас әскери-медициналық басқармасына
- Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Қарулы Күштерінің Бас әскери-медициналық басқармасына
- Алматы қаласындағы ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери клиникалық госпиталына
- Талдықорған, Ақтөбе, Тараз, Семей, Қарағанды, Аягөз, қаласындағы әскери госпиталдарына
- Сарыөзек қтк. Үшарал, Өскемен, Қарағанды қалаларындағы әскери лабораторияларына
- Нұр-Сұлтан қаласындағы 83205 әскери бөліміне
- Қапшағай қаласындағы 64192 әскери бөліміне
- Гвардейск қтк. 63302, 15632 әскери бөлімдеріне
- Теміртау қаласындағы 55524 әскери бөліміне
- Орта-Дересін кентіндегі әскери бөлімге
- Балқаш қаласындағы 31765 әскери бөліміне
- Нұр-Сұлтан, Алматы, Тараз, Ақтау, Семей қалаларындағы 64615 әскери бөліміне

## 1. Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт

Келісімшарт бойынша әскери қызмет осы Заңның 6-тарауының 37, 40 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Күштердің уәкілетті лауазымды адамымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі тарап арасында жазбаша түрде жасалады.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі, азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі және келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың талаптары азаматтың келісімшартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде әскери қызмет өткеру міндеттілігін қамтиды. Келісімшарт талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар алуы қоса алғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Запастағы офицерлер әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіппен тиісті әскери-есептік мамандығына ұқсас лауазымға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

## 2. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар

1. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сай келуге:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуға;
- 2) әскери лауазымға сәйкес келетін әскери-есептік мамандығы болуға.
2. Келісімшарт бойынша әскери қызметке:
  - 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
  - 2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін орындауға кедергі келтіретін ауруы бар;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді өзіне қабылдаудан бас тартқан;
  - 4) бұрын сотталған немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған не оған қатысты қылмыстық іс қозғалған;
  - 5) әскери қызметке кірер алдындағы екі жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық

жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған;

6) әскери қызметке кіргенге дейінгі үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

7) тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарынан анықтама;

8) жергілікті ҰҚК-нен экстремистік және террористік ұйымдарда тіркелмегендігі туралы анықтама;

9) интернатураны аяқтағаны туралы анықтама сертификаты (медицина қызметінің мамандарына)

10) әскери қызметке кіргенге дейінгі бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

11) егер босатылған күннен бастап үш жыл өтпеген болса, мемлекеттік қызметтен немесе әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар қабылданбайды.

## 3. Келісімшарт мерзімі және оны жасасу тәртібі

1. Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт:
  - 1) үш жылға-әскери қызметке алғаш кіретін адамдар үшін;
  - 2) бес жылға;
  - 3) он жылға;
  - 4) әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін.

## 4. Жеңілдіктер

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 8-тарауында әскери қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері қарастырылған.

Соның ішінде, әскери қызметшілерге ақшалай үлес, жәрдемақылар мен басқа төлемдер төлеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, демалыстары, мемлекет есебінен медициналық көмектермен қамтамасыз ету және тағы басқалар бар.

Аталаған заңның 44-бабының 8-тармағына сәйкес, әскери қызметшілер мемлекет есебінен қызметі бойынша ауысқан, әскери қызметтен шығарылған кезде, стационарлық емделуі барған және кері қайтқан кезде теміржол, әуе, су және автомобиль көлігімен жол жүруге, сондай-ақ қызметі бойынша көшіп-қону кезінде он тоннаға дейін жеке мүлкі тасымалдауға құқылы.

Осы заңда көзделген жағдайларда әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жол жүруге және пошта жөнелтілімдеріне арналған басқа да шығындар өтеледі.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде (оның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражат және онымен бірге қоныс аударған әрбір отбасы мүшесіне айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібі заңның 45-бабында қарастырылған.

Тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілер мен олармен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелері-жұбайы (зайыбы); ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің көмекшісіне толмаған (асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) балалары, күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру ұйымдарында оқитын жиырма үш жасқа толмаған балалары және жұбайының (зайыбының) балалары; он сегіз жасқа толмаған мүгедек балалары және әскери қызметшінің асырауындағы ата-аналары мемлекет есебінен әскери қызмет өткеру кезеңінде тұрғын жаймен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Сонымен қатар:

- айына бір рет коммуналдық төлемақы (тұрғын үй, сымтетік, су ақысы);
- киім-кешек мүлкімен жабдықтау нормалары, жұмыс киімі (әскери киім) тегін;
- жылына бір рет негізгі демалысқа шығар кезде екі айлық көлемінде ақшалай көмек (емдеу-сауықтыру);
- тұрғын үйді жалғаны үшін кепілді өтемақы;
- офицерлердің ақшалай үлесі;
- көтерме жәрдемақы, үстеме және басқа да кепілдіктер;
- ауруханаларда, әскери госпитальдарда әскери қызметшілердің жанұясына емделу тегін.

Егер Сіз, өз тағдырыңызды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен байланыстырғыңыз келсе, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен хабарласыңыз.

Байланыс сымтетігі 4-15-92

2021 жылдың соңында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің eprf.kz корпоративтік сайтында Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген 2022-2026 жылдарға арналған жаңартылған Корпоративтік даму стратегиясы жариялады. Ілкідегі Корпоративтік стратегия 2017 жылы бекітіліп, ондағы БЖЗҚ-ның 2021 жылға дейінгі кезеңге арналған мақсаттары мен міндеттері орындалған болатын. Бүгінгі жарияланымда Қордың соңғы бес жылда атқарған жұмысы-



Барлық жеке зейнетақы шоттары автоматты түрде ашылады. 2019 жылдың қаңтарынан бастап міндетті зейнетақы жарналары бойынша шот алғашқы жарна түскенде ашылады. 2021 жылы ерікті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ЖЗШ ашу автоматты форматқа ауыстырылды. Ақпараттық технологиялар қызметтерін

## БЖЗҚ салымшылары өз зейнетақы жинақтарын 13,1 триллион теңгеге дейін қалай көбейтті?

на толығырақ тоқталамыз. Әрине, оның барлығын шағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес, бірақ өткен жылдардағы ең есте қаларлық оқиғаларды атап кетелік.

Даму стратегиясы қолданылған бес жыл ішінде зейнетақы жинақтарының көлемі 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 13,1 трлн теңгеге (ЖІӨ-нің 16,1%) жетіп, 5,3 трлн теңгеге немесе 68% ұлғайды. Осылайша, аталған кезеңде зейнетақы жинақтарының орташа жылдық өсуі ЖІӨ өсімінен асып түсті. Зейнетақы жинақтарының, сондай-ақ, зейнетақы жарналарының, инвестициялық табыстың, зейнетақы төлемдерінің және т. б. өсуі байқалады.

Зейнетақы активтерінің 2017-2021 жылдардағы жылдық орташа табыстылығы орташа жылдық инфляция 6,7% болғанда 9,6% құрады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі (ЖЗЖ) енгізілген сәттен бастап жинақталған кірістілік көрсеткіші 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жинақталған инфляция деңгейінен 1,2 есе жоғары болды (тіісінше, 681,13% және 546,77%).

2017-2021 жылдар аралығында жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылар (МЗЖ бойынша бірегей салымшылар мен алушылар) саны 1,9 млн адамға немесе 20,9% артып, 10,9 млн адамға жетті. 2022 жылдың 1 қаңтарына жарналардың барлық түрлері бойынша жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 11,5 млн бірлікті құрады. ЖЗШ-ның орташа жылдық өсу қарқыны кезең ішінде 4%.

2021 жылы ЖЗЖ белсенді қатысушыларының саны (ЖЗШ-на бір жыл ішінде ең болмағанда бір МЗЖ түскен) 7 млн адамды немесе жұмыспен қамтылған халық санының 79,5% құрады. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, жұмыс істейтін халықтың жалпы саны – 8,8 млн адам.

басқару жүйесінің сертификаттау аудиті және сапа менеджменті жүйесінің қайта сертификаттау аудиті және т. б. сәтті өтті.

БЖЗҚ-ға сенім арту және жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы білім деңгейіне қатысты көрсеткіштер назар аудартады. Атап айтқанда, «Қазақстанның зейнетақы жүйесі және БЖЗҚ қызметтері туралы қойылған сұрақтарға дұрыс жауап берген респонденттердің үлесі» көрсеткіші мақсатты мән 63,5% болғанда 69,9% құрады. Көрсеткіш базалық сауалдардың жауаптарына байланысты бағаланады. Бұл ретте әлеуметтік сауалнама базалық сұрақтар (базалық деңгей) мен күрделі сұрақтарды (ілгері деңгей) да қамтиды. Бұдан басқа, халықтың БЖЗҚ-ға деген сенім индексі 79% жетті (мақсатты көрсеткіш 74%).

Сондай-ақ, Қор Қазақстан Республикасының заңнамасын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстарды да жүргізді. Мысалы, 2018 жылдан бастап зейнет жасына жеткен тұлғаларға «Бір терезе» қағидаты бойынша тек Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) жүгінуге болады; салық салуда ерікті зейнетақы жарналарының артықшылықтары мен пайдалану мүмкіндіктері кеңейтілді. 2021 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2019 жылдың 20 желтоқсандағы Келісім күшіне енді. Келісімнің негізгі мақсаты – еңбекшілерге сол өздері жұмыс істеп жатқан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің азаматтарына тән шарт пен тәртіптегі зейнетақы құқықтарын қалыптастыру болып табылады.

БЖЗҚ-ның алдыңғы бес жылдағы даму стратегиясын жүзеге асыру – БЖЗҚ салымшыларын (алушыларын) сапалы қызмет қана емес, лайықты төлемдермен қамтамасыз ету бағытындағы кезеңдердің бірі ғана екенін атап кеткен абзал.

«Сөзақ үні»-ақпарат.

## Иммундау апталығы өтуде

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы 2022 жылғы сәуірдің 24-і мен 30-ы аралығында Еуропалық иммундау аптасы (бұдан әрі - ЕИА) өткізіліуі жоспарланғанын хабарлайды.

«Барлығына ұзақ өмір!» ұранымен өткізілетін 2022 жылғы ЕИА мақсаты – вакциналарға тең және кең қол жетімділіктің маңыздылығын атап өту, бұл әр адам үшін ұзақ және салауатты өмір салтын қамтамасыз етуге ықпал ететіндігін хабарлау.

2022 жылғы Еуропалық иммундау апталығының іс-шараларының міндеті:

-вакцинацияланған және вакцинацияланбаған адамдардың денсаулығын ұжымдық иммунитет көмегі арқылы қорғау үшін вакциналар әрекет ететіні туралы хабардар болуды арттыру;

-жасөспірімдерге, ата-аналарға және денсаулық саласындағы мамандарға вакцинациялау пайдасына иммундау жөніндегі дәлелді ақпарат негізінде саналы таңдау жасау қажеттігі туралы еске салу және ғылыми негізделген ақпаратты тарату;

-ата-аналарды олардың отбасы мүшелерінің, өздерін қорғау үшін де, басқа адамдарды да қорғау үшін уақтылы иммундаудан өтудің, яғни жалпы жауапкершіліктің маңыздылығы туралы хабардар ету;

-Украинадан елге келген көптеген босқындарды қабылдау үшін денсаулық сақтау жүйелерінің әлеуетін арттыру және вакциналарға қол жетімділікті қамтамасыз ету.

**Қ.АҚҚҰЛИЕВ,**

**Созақ аудандық СЭБ басқармасының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы.**

## Бала денсаулығына компьютер және ұялы телефондардың кері әсері

Құрметті ата-аналар ұзақ уақыт компьютердің алдында отыру, біріншіден, баланың ой-өрісінің дамуын шектесе, екіншіден, оның мінез-құлқының өзгеруіне, логикалық ойлау қабілетінің бірте-бірте төмендеуіне әкеліп соғады, баланың, ақыл ойының дамуын тежейді. Компьютердің алдында үзіліссіз жұмыс істеу баланың қан қысымын көтереді, және миопия, (көз жанарының алыстан немесе жақыннан көру қабілетінің төмендеуі) құлақтың есту қабілетін төмендетеді, баланың ұйқысы бұзылып асқа тәбеті болмайды. Ал ұйқысы қанбаған баланың зейіні төмендейтіні белгілі. Сонымен қатар омыртқаға көп күш түсетіндіктен сколиоз (омыртқа буынының қисаюуы) омыртқа ауруына шалдығуы мүмкін бұған қоса электрленген сәулелер саусақ ұштарына әсер етіп, қолдың буындарына зақым келтіреді. Компьютерлік ойындардың негізгі түрі атыс-шабыс, төбелес болып келеді. Бала сыртқы дүниені ұмытып, соғыс немесе сатырлаған төбелестің ортасында жүреді. Осындай кездерде баланың жүйке жүйесі бұзылып, ашу-ызаға жол береді. Бірте-бірте баланың бойындағы мейірімділік, ізгілік қасиеттері, ата-ананы сыйлау қабілеті азаяды. Осылайша жалғаса берсе баланың әдеби кітаптарға, ізгілік қасиеттілік ойындарға қызығушылығы төмендеп, компьютерге тәуелділікке әкеліп соғады. Қазір болмағанмен де 10-15 жыл уақыттан кейін нашақорлыққа тәуелділік, темекіге тәуелділік, спирттік ішімдіктерге тәуелділік тәрізді әлеуметтік дерттердің қатарына компьютерге тәуелділік деген атау қосылып жатса еш қандай таңдануға болмайды. Сонымен бірге соңғы кезде ұялы телефон арқылы интернет жүйесімен тілдесу де оқушылардың және жастардың сүйікті ісіне айналды. Ал ұялы телефонды да пайдалану кезінде электромагниттік толқындардың өте зиянды әсері бар екендігі дәлелденіп отыр.

Сондықтан да жоғарыда айтылған жағдайларды ескере келіп, баланың денсаулығын сақтаймын десе ата-ана төмендегідей жағдайларды бұлжытпай орындағаны дұрыс.

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,**

**Созақ аудандық СЭББ басшы м.а.**

### Пейіштен орын берсін жасаған

Шолақорған ауылының тұрғыны, жаны жайсаң жан, қимас бауыр, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған, ауданымыздың ішкі істер саласында талай жыл қажырлы еңбек еткен азамат **Азнаев Мақсат Әбіләкімұлының** дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл азаматтың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.



**Ажал сені алып кетті ортадан, Енді қайтып келмейсің-ау қайтадан. Жатқан жерің жайлы болсын асыл жан, Пейіштен орын берсін жасаған,**-дей келіп, Мақсат Әбіләкімұлының рухына бағыштап жылдың асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 7 мамыр күні (6 мамыр – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесіндегі ата-анасының үйінде беріледі.

**Асқа шақырушылар: ата-анасы, жары, бауырлары, балалары, Азнаевтар әулеті.**

## Хабарландыру

Түркістан облысы, Созақ ауданында ЖШС «Созақ тұз», «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміндегі «Бақыт Таңы» тұз өндіру кешенінде қоғамдық талқылаулар өткізеді.

Қоғамдық талқылаулар 5-13 мамыр 2022 жылдың аралығында : esportal.kz сайтында өтеді.

Қоғамдық талқылауға жауапты ММ «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы».

Мекен жайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 27П б.т. 8 (7253) 363845, электронды пошта: a.shymabekova@ontustik.gov.kz.

Белсенділік бастаушысының байланыс мәліметтері: тел. +7 725 464 20 87, sara-57@mail.ru, мекен жайы: ТОО, а.Шолақорған, к. А.Рахышулы, 16 Б. Жобаның қағаз нұсқасы сол мекен-жайдан табылады.

Жобаны әзірлеуші ЖК «Мурзина», мекен-жайы : қ.Шымкент, к.Желтоқсан, 20Б, кеңсе 314.ұялы телефоны: +7 701 726 70 56. электр пошта:murzina.60@mail.ru

Мүдделі жұртшылық осы жобаны талқылау материалдарымен танысып және өздерінің ескертулерімен ұсыныстарын электрондық нысанда ресми esportal.kz сайтына жібере алады.

## Объявление

ТОО «Созақтұз» проводит публичные обсуждения к разделу «Охрана окружающей среды» «Добыча соли на месторождении Бахыт-Таны в Созацком районе Туркестанской области».

Публичные обсуждения пройдут на сайте: esportal.kz с 5 по 13 мая 2022 г. Ответственный за проведение публичных обсуждений ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Туркестанской области». Адрес: г.Туркестан, пр. Б. Саттарханова, 27 П, к.т.8(7253) 363 845, эл.почта: a.shymabekova@ontustik.gov.kz.

Контактные данные инициатора деятельности: тел. +7 725 464 20 87, sara-57@mail.ru, адрес: ТОО, с. Шолақорған, ул. А. Рахышулы, 16 Б. Бумажная версия проекта находится по этому же адресу.

Разработчик проекта ИП «Мурзина», адрес: г.Шымкент, ул.Желтоқсан, 20Б, оф.314, конт.тел. +7 701 726 70 56. эл.почта: murzina.60@mail.ru

Заинтересованная общественность может ознакомиться с материалами проведения обсуждений по данному проекту и направить свои замечания и предложения в электронной форме на официальном сайте esportal.kz.

## Орманды пайдалану жолдары

Жадыраған жаз айы да келіп жетті. Күннің ысуы да күн сайын арта түсуде. Далада бітік өскен шөптер де пісе бастады. Орман-тоғайларда жасыл желегімен табиғатқа көркем рең беруде. Тауда да, құмда да қалың шөп алқаптары бар, шаруалар осы өңірлерден мал азығын дайындайды.

Орман алқаптарындағы жайылымды жерді пайдаланудың өз шектік ережесі бар. Егер сіз малыңызды орман қоры жерінде жайғыңыз келсе аудандық Орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесіне барып бір жылға келісім шарт жасасуыңыз керек.

Орман қоры жерінде мал жаю ақысы мынадай: Түйе малына-1436,54 т. ірі қара мал-1149,23 т, жылқы-820,88 теңге бір басқа. Ірі қара малдың төлдері-574,61 т, ешкі- 1005,58 т, қой-285,16 теңге бір басқа. Ірі қара малға бір басқа-7 га, Жылқыға бір басқа -5 га деп есептеледі, ұсақ мал бір басқа-7 га. Аталған тариф келісім-шартта көрсетілгендей бір жылға есептеледі.

Егер жоғарыда аталғандай біздің мекемемен келісім шартқа отырмай орман қоры жеріне малыңызды бақсаңыз заңмен шара көрілетінін ескертеміз.

**Әділ АЛТАЕВ,**

**Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман пайдалану инженері.**

## Аң-құстарды қорғайық!

Халық даналығында халқымыздың табиғатқа нашарлық қасиетін өте көп нәрселерінен байқауға болады. Табиғатқа адам әрекетінің әсері ерекше. Адам табиғатта шаруашылықтың қай түрімен айналысса да өсімдіктер мен жануарларға әсер етпей қоймайды.

Заңсыз аң аулаушылар «Қызыл кітапқа» енген аң-құсты аулау кезінде олардың арнайы кітапқа енгенін, ерекше қорғауда екенін біле тұра аулайды. Қасақана табиғатқа залал келтіруге тырысады. Бас пайдасын көздейді. Тығылып аулап, жасырып сатады. Сондықтан олардың қасақана істелген әрекетіне сай, жаза да жеңіл болмауы керек.

Табиғат – адамның ежелден бергі тіршілік етіп келген ортасы және мәңгілік мекені. Еліміздің табиғат байлығын өз қалпында сақтау, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлыққа алу, санын молайту, су құстары мамырлайтын және қыстайтын орындар мен балық уылдырық шашатын өзен – көлдерді қорғау – бүкілхалықтық іс.

Жануарлар дүниесі де биосфераның құрамдас бір бөлігі. Жануарлардың табиғатта және адам өмірінде маңызы зор. Олар табиғаттағы заттар мен энергия айналымында негізгі рөл атқарады.

Қорыта келе айтарым, ауданымыздағы орман алқаптарында болсын, басқа жерде болсын аң-құс атуға тыйым салынғанын еске саламын. Қолға түскен заңсыз аң атушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескерткім келеді.

**Асхат ТҰРМАХАНОВ,**

**Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

## Жемқорлыққа жол жоқ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде көрініп отыр. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» №410-V Заңында сыбайлас жемқорлық ғұмына– жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу-деп түсінік берілген.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

Сыбайлас жемқорлық қоғамға тек зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармау қажет! Өйткені сыбайлас жемқорлық әлемінде параны көбірек беруші ғана жеңіске жетеді. Бір қорқыныштысы - сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне залал келтіріп, дүниетанымдарын бұзады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жалған ұраннан емес, жемқорлыққа қарсы қалыптасқан іс-әрекеттен көрінуі тиіс. Сыбайластықтың сананы улайтын, қоғамды кері тартатын көлеңкелі көрініс екендігін ұғынған абзал.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

**Гүлмира ПАЙЗОВА,**

**Созақ аудандық Қазынашылық басқармасының бас маман-қазынашысы.**



Файзағаң көзі тірісінде Құмкенттен Шолаққорғанға келсе, редакцияға келмей кетпейтін. Әрбір келген сайын жазған-сызғандарын ала келетін.

Файзула Үрмізовті мен мектепте оқып жүрген кезімнен тани бастадым. Ол кісіні қой ауылға каникультура барған сайын көретінмін. Сол кездерде Файзағаң автоклуб меңгерушісі тұғын. Малшы ауылдарды аралап автоклубымен кино қоятын. Өзі домбырамен күй тартатын. Күй тартқанда тыңдаушысын жалықтырмайтын. Әрбір күйдің тарихын әдемі әңгімелеп беретін. Күй тартудан жалықпаушы еді. Таңнан таңға ерінбей күй шертетін. Шопандар қауымы күйшіні іздеп елеңдеп отыратын. Файзағаң келсе көңілдері көтеріліп қалатын. Жас болсақ та шежіре қарттың әңгімесін ұйып тыңдайтынбыз. Ол кісі де бала мінезді болатын.

Әңгімесін тыңдасаң болды. Баласың ба, шағасың ба оған қарамайтын. Біздің мал ауылдағы үйде көп болушы еді. Өйткені ол шешем



секретары едім. Халықтың басына қайғы-қасірет түсті. Соғысқа алынған жастарды аудандық соғыс комиссариатына өткіземін де, қайтарда «повестканы» ала келемін.

Қырық екінші жылдан бастап отыз бес пен қырық жастың арасындағы азаматтарды рабочий батальонға алынды. Мен де сол рабочий батальонға алынып «Белорец» әскери зауытында жұмысшы болып істедім. Қырық төртінші жылы жаз айында науқасыма байланысты елге қайттым.

Қырық төртінші жылдың бірінші қыркүйегінен бастап Құмкент жеті жылдық мектебінің бастауыш класс мұғалімі болып істедім. Қырық бесінші жылы соғыс тоқтаған күні ауданның екінші хатшысы Мұратәлиев ақын Құлжабай Төлеуов екеуімізді және тағы бес анші қыздарды қосып, малшыларды аралауға жіберді. Қырық кол-

кіреді. Облыстық комитеттің бөлім меңгерушісі Үрмістемов қыздардың шаруа-жұмыстарымен таныса келіп, сіздер Созақ ауданы, Құмкент селосында Үрмізов деген мұғалім бар. Тарихи шежіре әңгімені сол кісі біледі деп маған жіберген екен.

Мұхамеджан содан алдында мені арнайы шақырып, күйлерімді таспаға басып алған. Екі күн қонақ болып, әңгіме-дүкен құрғанбыз. Ол кісі «Өнер ата-тектен қонады екен. Өзімнің ән шығаруыма Нартай атамның аруағы себеп болды. Біз арғын боламыз» деген. Екі қыз үйде бір апта жатты. Оларға өзімнің бар білген әңгіме-шежіремді жайып салдым. Әкем айтқан бір әңгіме есіме түсіп, соны айтып бердім.

Ауылда Қарасай деген кісі әйелі бала көтермеген соң Тіней деген бақсыға қаратады. Бақсы зікіршілерін ойнатып, әйелді қолын нұсқап «тұт» дегенде әйел ес-түсінен айырылып құлап, өліп жатады. Ит қаппаған балиғатқа жетпеген бір қыз, бір балаға өліп жатқан әйелдің

# Қазыналы қария еді

Ақшайымның метркесін жазған екен. Анам дүниеге келген кезде сельсоветтің хатшысы болыпты. Содан анама мен сенің әкеңмін дейтін. Шешем де ол кісі келсе жаны қалмай күтіп, дастарханын жайып қарсы алатын. Әкеме сен менің күйеу баламсың деп қалжыңдайтын.

Сонау тоқсаныншы жылдары Шымкент қаласына іс сапармен барып, ауылға қайтқалы тұрғанмын. Такси күтіп отырғанмын. Бір кезде Файзағаң келе қалды. Жолсерік болатын болды ғой деп қуанып кеттім. Сөйткенше болған жоқ «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тілшісі Сабырбек Олжабаев та бізбен бірге таксиге отырды. Файзағаңның қолында домбырасы бар екен. Көп аялдамай жолға шықты. Сабырбек пен екеуіміздің ортамызға Файзағаң отырды. Күйші қария әуелі біраз әңгіме айтты. Әдемі әңгімесінің арасында домбырамен күй шертіп отырды.

Содан Файзағаң Шымкенттен Шолаққорғанға келгенше күй тартып, әңгімесін айтты. Жол қысқарды. Үшеуіміз біздің үйге келіп түстік. Менің келіншегім Файзағаңның немере қызы болып келеді. Құрақ ұшып қарсы алды. Әңгіме біріне-бірі жалғасып, арасында күй тартылып таңға дейін созылды. Файзағаң өзінің өмірі жайлы сол күні былайша сыр шертіп еді.

«Мен бір мың тоғыз жүз жиырма-сыншы жылы Қызылкөл елді мекенінде дүние есігін аштым. Жиырма тоғызыншы көшпелі Қызыл Отауда оқып, хат таныдым. Жиырма сегізінші жылғы сыпырмайдан кейін елде көлік қалған жоқ. Ақ егісті халық қолмен көшеттеп екті. Мен колхозшылардың шапқан жерін өлшеп жазатын табелші болдым.

Қыс айының орта кезі. Қарғаға қақпан құрып жүр едім. Түс кезінде Шолаққорған жақтан екі аттылы адам келе жатыр екен. Бірі орыс жігіті екен. Қасындағы екіншісі қазақ. Әкейдің інісі ауылдық советтің хатшысы болатын. Біздің үйде ауылдық советке келген ГПУ-дің орынбасары



Сейітқазы мен Кенжебаев Кәке екеуі тұратын. Өлгі екі кісі Кенжебаев Кәкені сұрады. Олар біздің үйде деп көрсеттім. Келгендер аудан басшылары екен. Қызылкөл мен Құмкент ауыл совет бастықтары мен жиналыс өткізді. Ашыққан жұрт Кенжебаев Көкеннің ауданның тапсырмасы деп қойма кілтін алып, астықты босатпай халықты аштан қырғанын айтты. Дерреу Кенжебаевқа адам жіберіп, қойма кілтін алдырды.

Ауданның басшылары келгені халыққа дұрыс болып қалды. Тірі қалған адамдарға екі пұттан (32 кг) астық беруін тапсырды. Аш адамдардың үйлеріне астықтарын алып кетуге шамалары келмегесін Мәлік балуан атамыз көмектесіп үйді-үйлеріне арқалап жеткізіп берді. Иә, ашаршылық елді есеңгіретіп жіберді.

Әкем Үрмізі аңшы еді. Сол ашаршылық кезінде Қызылкөлден барып әкем екеуіміз балық ауладық. Ауымызға балық көп түсті. Екі қап балықты ауылға алып келіп ашыққан колхозшыларға дәу қазанға асып беріп бір тойдырдық.

Бір мың тоғыз жүз отыз төртінші жылы аудан орталығы Созақтан Шолаққорғанға көшіп келді. Ауданнан 1-3 класс ашылды деп хабарлады. Мен үшінші класқа барып оқыдым. Класстағы оқушы саны тоғыз болды. Бізді сол кездегі ауданның бірінші хатшысының әйелі Айсарина оқытты. Бір мың тоғыз жүз отыз тоғызыншы жылы жеті жылдық білім алып шықтым. Ауылда бухгалтерияда істеп, кешке ересектердің оқытатын (ливкез) мұғалім болдым.

Бір мың тоғыз жүз отыз бесінші жылы аласапыран заман туды. Халық жауы деп талай адамды ату жазасына кесті.

Ал, 1941 жылы соғыс басталған уақытты Қызылкөл ауыл советінің

хоз-дың малшыларын үш ай аралап, ойын-сауық концертімізді беріп қайттық. Одан кейін Қызылкөл бастауыш мектебінде меңгеруші, қырық сегізінші жылы Жартытөбеге орта мектебінде қызмет атқардым.

Түркістан педагогикалық училищесін бітірдім. Кейін Қызылорда педагогикалық институтын тәмамдадым.

Елу бесінші жылы Калинин орта мектебінен Құмкент орта мектебіне ауысып келдім. Іс-тәжірибем облыс бойынша таратылды.

Елге жасаған еңбектерім лайықты бағаланып, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақ ССР-і Жоғарғы советінің Құрмет грамотасымен марапатталдым.

1980-1981 оқу жылының соңында құрметті демалысқа шықтым. Яғни зейнеткерлікке.

Сексенінші жылы жаз айында аудан басшылары арнайы адамын қосып біздің үйге екі қыз бала алып келді. Танысып, сұраса келгенде Ленинград этнография институтынан келген ғалым қыздар екен. Біреуі-Маша Станикович деген орыс қызы, екіншісі—Шоқанова Нұриә деген қазақ қызы. Орыс қызы филиппин тілін біледі екен. Докторлық қорғау үшін Қазақстанға келіпті. Қазақстандағы ғалымдар қазақшылығы мол Жамбыл, Шымкент, қызылорда секілді үш облыстың қалағандарына баруды ұсынады. Бұл екі қыз Шымкентке келіп олыстық оқу бөліміне

үстіне матаны кергізіп ұстатып қояды. Бақсы саусақтарынан от шашыраған қолын әйелдің қарына апарып сілтеп қалғанда әйелдің іші жарылып, қаны шапшып аға бастайды.

Әйелдің ішін қолымен араластырып аузымен сорып бір тостақ қан алыпты—дегенімде Маша қыз «қазақта да пышақсыз операция болған ба?» деп мені қуанғаннан мойнымды құшақтады. «Дүние жүзінде тек Индонезияда ғана пышақсыз операция бар. Олар осы күнге дейін пышақсыз операция құпиясын ешбір елге білдірмейді. Мен докторлық диссертациямды осы қазақтың пышақсыз операциясынан қорғайтын боламын, деп қуанып кетті. Екі қыз еліне барған соң хатты жаудырып жатты. Бір айдан кейін телеграмма келді. «Папа докторлық қорғайын» деп жатырмын. Келіңіз Москвадан күт десең Москвадан, Ленинградтан күтемін» депті. Бірақ мен бара алмадым. Бір күні посылка келді. Ішінде бүкіл орыс ғалымдарының шежіре тарихын жазған кітап, сондай-ақ т.б сый-тарту заттары бар. Машаның анасы да үлкен ғалым екен.

Әрине айта берсең әңгіме таусыла ма? Бастан көп нәрсе өтті ғой. Балалар таң атуға да таянып қапты,-деп тоқсанға иек артқан шежіре қарт орнынан тұрды. Сөйтіп Файзағаңмен бір тәулік бойы әңгіме-дүкен құрған едік.

Редакцияға келген сайын да әңгімелерін тыңдаушы едім. Бүгінгі бәрінен ғажап болды. Ертесіне Сабырбек Олжабаев екеуіміз Файзулла көкені Құмкентке шығарып салдық.

Өзі дүниеден өткенде ізінен ғибартты іс қалдырған Файзағаңның тұлғасы жылдар өткен сайын биіктей берері анық. Өйткені биік таулар алыстаған сайын тұлғалана түсетіні сияқты. Файзағаңның да жазғандары, айтқан әңгімелері ғибарттылығымен биіктей береді.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан  
БАКЫТЖАНОВИЧ**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**САЙЛАУБЕКҰЛЫ**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.